

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
БАДЖҚД ТЖЖСБДО	Хаттама	Редакциясы: 1	
		2 беттің 1 беті	

ХАТТАМА

«20» караша 2025ж.

ПРОТОКОЛ

№2 Алматы қ.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ / ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА КУРАТОРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Қатысқандар: 36 адам

КҮН ТӘРТІБІНДЕ / НА ПОВЕСТКЕ ДНЯ

1. «2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында студенттерді жатақханамен камтамасыз ету туралы есеп» – БАДЖҚД басшысы *м.а. Бекжанов А.Ж.*
2. «Университет жатақханасында тұратын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын талқылау» – ТЖЖСБО басшысы Ахан Л.
3. Әр түрлі мәселелер

СӨЗ АЛДЫ: Проректор Датхаев У.М.: Құрметті әріптестер қайырлы күн! 2025-2026 оқу жылында университет жатақханаларында және жеке меншік жатақханаларда студенттерді бақылап, жағдайларын біліп тұрыңыздар, жатақханада тұрғысы келетін студенттер болса қазіргі таңда бос орындар бар. Осы ақпаратты студенттеріңізге жеткізіңіздер, сыртты квартирасын төлей алмай жүрмесін, әрдайым қадағалап байланыста болыңыздар. Тәртіптік комиссияда қаралған студенттердің тәлімгерлерін анықтадыңыздарма декан орынбасарлары? Педиатрия мектебінің 2-курс ПЕД-017 тобының тәлімгері - Ермантай Бибинур Ерлановна, 3-курс ПЕД-010 тобының тәлімгері Наурызалиева Шамшагуль Тулеповна, Халықаралық факультеттің АКТ кафедрасының оқытушысы, Проф.ассистенті, GM21-071a тобының тәлімгері – Джаханова Бактыгуль Нурсагатовна осы тәлімгерлерді келесі Тәлімгерлер Кеңесіне шақырыңыздар декан орынбасарлары, хабарлассын, студенттермен байланыссын, тәрбие жұмыстарын жүргізсін, келесі оқу жылында Тәрбие жұмысы бойынша ПЭК(КРІ) көрсеткіштеріне әсері болатынын ескертіңіздер. Тәлімгерлер және оқытушылар осы жұмыс жасайтын топтарыңызбен жеке жұмыс жоспары Оқу процесін жоспарлау бөлімінен алған болсаңыздар тәрбие жұмысын студенттеріңізбен дұрыстап жүргізіңіздер.

СӨЗ АЛДЫ: Бекжанов А.Ж., БАДЖҚД басшысы м.а.: Құрметті әріптестер қайырлы күн, биылғы 2025-2026 оқу жылында университет

студенттерінің жатақханаға тапсырыс бергендердің барлығы толық жатақханамен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда бос орындар бар, жатақханаға мұқтаж студенттер болса келіп herostudy бағдарламасы арқылы онлайн тапсырыс берсе жатақханадан бос орындарға орналасуларына болады. @herostudy бағдарламасы арқылы өте тез және жылдам алады. Сондықтан, бұл ақпаратты өзге топ тәлімгерлеріне ақпараттандырсаңыздар студенттер хабарсыз қалмасын.

СӨЗ АЛДЫ: Проректор У.Датхаев: бүгінгі таңда ПОҚ оқу жүктемесі жылдық жүктемеде көрсетілгендей: Оқу жұмысы 40%, әдістемелік жұмыс 20%, ғылыми-зерттеу жұмысы 20%, қоғамдық ұйымдастыру жұмысы 5%, тәрбие жұмысы 15%. Жалпы 1664 сағат жылдық оқуға бөлінеді. Сондықтан, қайтадан кафедра меңгерушілерімен бірлесіп сағат санының жылдық жүктемелері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

СӨЗ АЛДЫ: Ахан Л., ТЖЖСБО басшысы: Құрметті әріптестер! «Университет жатақханасында тұратын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын талқылау» бойынша студенттердің бөлмелеріне тексеріс жүргізгенде лас бөлмелерді көріп байқап жүреміз, кейбір жатақханаларда жинақы таза тұрады, кейбір бөлмелерді аралағанда бөлменің шашылған, лас бөлмелер кездесіп жатады. Әрине, Студенттермен бірлесіп тексеріс жүргізген дұрыс. Студенттеріңізбен тығыз байланыста болыңыздар, сессия кезеңінде, емтихан алды түсіндіру жұмыстарын жүргізіңіздер. Тәлімгерлер Кеңесі отырысының келесі жиналысты желтоқсан айына ұйымдастырамыз деп бір ауыздан келісілді.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Күн тәртібінде қарастырылған 1-ші мәселе бойынша жатақханалардағы бос орындар бар екендігі туралы тәлімгерлерге ақпарат жеткізу әр мектеп/факультеттердің тәрбие жұмысы бойынша декан орынбасарларына жүктелсін.
2. Тәлімгерлер өз топтарымен жұмыстарын жүйелендірілуін қадағалау тәрбие жұмысы бойынша декан орынбасарларына жүктелсін.
3. Келесі Тәлімгерлер Кеңесіне Тәртіптік комиссияда қаралған студенттердің тәлімгерлері шақырылсын.

Төраға

А.Бекжанов

Хатшы

И.Сеитова

